

К. МАХКАМЖОНОВ, Ф. ХУЖАЕВ

ДЕНЕ ТЭРБИЕСІ 1

Өзбекстан халыққа білім беру
министрлігі жалпы орта білім беретін
мектептердің 1-сыныбына
оқу қолданбасы ретінде ұсынған



ТАШКЕНТ – «О'zbekiston» – 2018

УҮК: 796(075)
КБК 75.1 я71
М 31

**Республикалық мақсатты кітап қорының
қаржысы есебінен басылды.**

Бұл қолданба оқу жылының екінші жартысынан
бастап өтіледі.

Пікір жазғандар: Р. Мавлонова – педагогика ғылымда-
рының докторы, профессор;
Т. Юнусов – педагогика ғылымдары-
ның кандидаты, профессор;
С. Омаргалиев – Өзбекстан Республи-
касына енбек сінірген оқытушы.

Шартты белгілер:

Б.қ. – бастапқы қалып
Н.т.т. – негізгі тік тұру
Т.т. – тік тұру

Махкамжонов, Каримжон.
М 31 Дене тәрбиесі. 1: жалпы орта білім беретін
мектептердің 1-сыныбына арналған оқу
қолданбасы. – Т.: O'zbekiston, 2018. – 64 б.

ISBN 978-9943-01-012-3

УҮК: 796(075)
КБК 75.1 я71

ISBN 978-9943-01-012-3

© К. Махкамжонов және басқ., 2003, 2017, 2018
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2003, 2017, 2018




ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ НЕНІ ҮЙРЕТЕДІ?





КҮН ТӘРТІБІ

Сендердің алдарында жаңа міндеттер пайда бола бастады. Сен үйге берілген тапсырмаларды орындауың, ата-анаңа жәрдем беруің керек. Сондай-ақ мектептің спорт үйірмелеріне қатысусың, достарыңмен ойнауың, қызық



кітаптарды оқуға да тиіссің. Бұл жұмыстарды орындауда саған дұрыс жасалған күн тәртібі жәрдем береді. Ол үшін орындалатын жұмыстардың тізімі жасалып, оны қай уақытта орындау қажеттігі көрсетіледі. Сен бұл жұмыстарды көрсетілген уақытта орындауға әдеттенуің керек. Бұл сенің күн тәртібің болады. Күн тәртібіндегі жұмыстармен қатар дене тәрбиесімен шұғылдануды да ұмытпау керек. Дене жаттығуларын жасау де не мүшелерінің сау болуына, жұмыс қабілетінді арттыруға және сабак үлгерімін жақсартуға жәрдемдеседі.

Күн тәртібінде көрсетілген барлық істерді өз уақытында орындасан, шаршамайсың. Оқу тапсырмаларын орында-

ғанда қиналмайсың, тынығып үйиқтап, шымыр да сергек болып жүресің.

ОҚУШЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН ҚАЛАЙ ЖАСАУ КЕРЕК?

Күн тәртібін әркім әр түрлі жасауы мүмкін. Бірақ кейбір шаралар бар, оларды барлығы орындауы қажет.

ТАҢЕРТЕҢГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ КЕШЕНІ

Таңертеңгі дене шынықтыру балалардың күн тәртібінен аса маңызды орын алады. Оны оқушы үйқыдан тұрып, төсек-орнын жинап болған соң орындауы керек. Дене шынықтыру дененің әр түрлі мүшелері үшін 5–6 жаттығудан тұрады.

Таңертеңгі дәне шынықтыруда орындалған гимнастика жаттығулары әсерінен дәне қызады, сезім мүшелері оянады. Бұл саған күш пен сергектік береді.

Таңертеңгі дәне шынықтыруды жақсы желдетілген бөлмеде жасау керек. Сен үйқыдан тұрғанша бөлмені желдетіп қоюды ата-аналар орындаса да болады.


Жаттығуларды орындаған кезде мұрын арқылы тыныс алған жөн. Сырттан енген таза ауа мұрында жылышып, өкпеге өтеді

Жаттығулар, әдетте бастапқы қалыптан басталады.

1. Б.қ. – н. т. т.. Аяқтар жұпталып, аяқ ұштары аздап ашылады. Қолдар денені бойлап төмен түсіріледі, бас алға қаратылады.

2. Б.қ. – аяқтар иық кеңдігінде, қолдар белде.

3. Б.қ. – аяқтар иық кеңдігінде, қолдар бастың артын-



да. Саусақтар шынжыр күйінде, шынтақтар жанында.

4. Б.қ. – н.т.т. Қолдарды алға және артқа қарай созып, шапалақтау.

5. Б.қ. – аяқтар иық кеңдігінде, қолдар төменге түсірілген. Солға және онға қарай барынша еңкею.

6. Б.қ. – аяқтар иық кеңдігінде, қолдар белге тірелген. Кеудені онға және солға қарай бұзру.



4



5




6

7. Б.қ. – аяқтар иық кендігінде, қолдар белде. Алға қарай еңкейіп, қолдарды еki жаққа созу. Б.қ.

8. Б.қ. – аяқтарды керіп, жүрелей отыру. Қолдар қос қапталға созылады.

9. Б.қ. – н.т.т. Тізерлей отырып, қолдарды алға созу. Б.қ.



7




8



9

10



10



11



12



13

10. Б.қ. – аяқтар кеуде көндігінде, қолдар тәменде. Қос аяқтап секіріп, аяқтарды жұптастыру, қолдарды жоғары көтеріп, шапалақ соғу. Б.қ.

11. Б.қ. – н.т.т. Аяқтың ұшымен тұрып, қолдарды жоғарыға көтеру және терең тыныс алу. Қолдарды тәмен түсіріп, тынысты шығару.

12. Б.қ. – отыру, аяқтар жұптастырылып, алға созылған, қолдар тәменге түсірілген.

13. Б.қ. – тізелерге сүйеніп тік тұру, қолдар тәменге түсірілген.

ТАҢЕРТЕҢГІ ЖУЫНУ

Оқушы таңертеңгі дене шынықтырудан соң тістері мен бет-қолдарын тазалап жуып, таранады да, киінеді.



ТАМАҚТАНУ

Сен күн барысында кемінде үш рет тамақтанасың: таңертең, түсте және кешкісін. Таңертеңгі жуынып-таранудан кейін міндетті түрде тамақ ішіледі. Мектептен оралған соң, түстенесің. Ұйқыдан бірнеше сағат бұрын кешкі тамаққа отырасың.

ОҚУ БАРЫСЫНДАҒЫ СЕРГУ ӘДІСТЕРІ

Бұл – оқушы үшін ең жауапты істердің бірі болып табылады. Ол сабакта жазады, оқиды, санайды. Адамдар, жаңуарлар, табиғат, жаңалықтар жөнінде қызықты мәліметтер алады.

Мектепте сынып жұмыстарын немесе үй тапсырмасын орындау кезінде талай уақыт бойы қимыл-қозғалыссыз отыруға тұра келеді. Ондай кездерде шаршап, талығасың. Талығуды белсенді қимылдардың көмегімен жоюға болады. Ол үшін бірер минут



бойы 3 түрлі жаттығуды 5-6 рет қайталап орындау керек. Бұндай жаттығулар көңілді минуттар деп аталады. Жаттығуларды отырған жерінде немесе партаның жанында тұрып, баяу яки орташа жылдамдықпен орындауға болады.

Шаршауды мұлде болдырмау үшін 5-6 жаттығуды 2-3 минут бойы қайталап орындаған жөн. Бұл дene шынықтыру минуттары деп аталады. Оларды керілу жаттығуларынан бастаған мақұл.

ҮЙДЕ САБАҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАЗА АУАДА СЕРУЕНДЕУ

Мектептегі сабақтың соңында үйге тапсырма беріледі. Бұндай тапсырмаларды өз уақытында орындаған жақсы. Негізінен үй тапсырмалары 3 түрлі жаттығуды 5-6 рет қайталап орындау керек. Бұндай жаттығулар көңілді минуттар деп аталады. Жаттығуларды отырған жерінде немесе партаның жанында тұрып, баяу яки орташа жылдамдықпен орындауға болады.



сы түскі тамақ пен күндізгі се-
руеннен соң орындалады.

Оқушылар мектептен кел-
ген соң үй шаруаларын орын-
дау бойынша үлкендерге кө-
мектесіп қана қоймай, алуан
түрлі ойындарды да ойнайды.
Ал кешкі тамақтан кейін ата-
анасымен бірге таза ауада
серуендейді.

ЖЕКЕ ГИГИЕНА

Тәнертең үйқыдан тұрған
соң және кешкісін жатардан
бұрын бет-қолды жуып, тістер-
ді тазалаған жақсы. Күн са-
йын үйшіктар алдында қол мен
аяқты сабынdap жуған пайдалы.

БЕТ, КӨЗ, ҚОЛ ЖӘНЕ ТІС КҮТИМІ

Таңертең және кешкісін бетті жуған кезде көз қабағы да жуылады. Спорт алаңшасына барғанда көздің ішіне бірер нәрсе түсер болса, көздің сыртқы бұрышынан мұрынға қарай жуған жөн.

Лас қолдар денсаулыққа өте үлкен зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан қолды әрқашан, өсіресе тамақтанудан бұрын сабындалп жуу керек. Тырнақтарды өсірмей, алып тұруды да ұмытпаған мақұл.



Тістерді таңертең үйқыдан тұрған соң және кешкісін үйқыға жатардан бұрын тіс щёткасымен тазалаған жақсы. Тісті тазалаған кезде қызыл иекке абай болу керек. Тістерді пасталы щёткамен ішкі және сыртқы жағынан, оңдан солға қарай және жоғарыдан төменге қарай ысқылап тазалайды.

Аяқтарды күн сайын үйқыға жатардан бұрын жылы сумен сабындалп жуған мақұл. Бұл шаршауды ұмыттырып, тыңаюға көмектеседі. Аяқ тырнақтарын да үнемі алып тұру керек.



Сұрақтар:

1. Күн тәртібі деген не?
2. Неліктен дене шынықтыру жаттығуларын күн тәртібіне өнгізу керек?




Тапсырмалар:

1. Ата-анаңың қомегімен өз күн тәртібінді жасап, көрнекті жерге іліп қой.
2. Сен қайсы спорт үйірмесіне қатысасың? Жоғарыдағы суретті сипаттап бер.

ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Адам дені сау және мықты болу үшін өзінің тәнін, киімдерін таза да ұқыпты ұсташа тиіс. Киімдері таза, келбеті келісті, мінезі жақсы балалардың достары да көп болады. Оларды үлкен де, кіші де құрметтейді. Үстібасы, беті-қолы кір балалармен ешкім де достаспайды. «Спорт – тазалық пен денсаулық кепілі» деген қағидаға әрқашан сүйеніндер.



ҰҚЫПТЫ БОЛ

Денсаулықтың жақын досы –
Спорт пенен тазалық.
Суға тұскін, жүгір сосын –
Женілдейсің тазарып.

Жиі-жиі жумасаң сен шашынды,
Амалсыздан қасылайсың
басынды!

Құрт кеселге ұшырайсың, біліп
ал,
Кір қолыңмен жумай жесең
асынды.

Жатса егер кітаптарың
шашылып,
Жимай кетсең сен ойынға
асығып.

Ата-анаң соны көріп күймей ме,
«Жақсы оқушы болмады-ау?»
– деп ашынып.

Сәбит Нәлібаев.



ШЫНЫҒУ

Шынығу дегенде – дене мүшелерін құбылмалы ауаға бейімдеуді, ыстық-сұыққа шыдамдылығын арттыруды түсінеміз. Сау болу үшін күн көзінде тотығу, таза ауада се-руендеу, су бассейндерінде шомылып, шынығу мүмкін.

Шынығуды жайлап бастау, яғни денені алғаш дымқыл сұлгімен сұрту қажет. Суды пайдаланғанда алдымен жылы судан бастап, кейін сұық суға өту керек. Суды бірте-бірте салқындана отырып, деннені сұық суға үйретеді.





Шынығуды үздіксіз жүргізу және мөлшерін сақтау қажет. Мысалы, күнге қюді бастағанда, алдымен күн көзінде азырақ тұру керек. Әйтпесе теріні қүйдіріп алуың мүмкін.

Ая райы 15–20° болғанда таза ауада серуендеу, жалаң аяқ жүру, бөлменің терезесін ашып ұйықтаудың пайдасы өте зор.

Таңертеңгі гимнастика жаттығуларын таза ауада немесе бөлменің терезесін ашып жасау пайдалы.

Тапсырмалар:

1. Гимнастикалық таяқша, се-
кіргіш жіп, доп, гантельдердің
суретін дәптеріңе сызып кел.
2. Суретті түсіндіріп бер.



СПОРТ ЗАЛЫ

Мектепте гимнастика, ба-
скетбол, волейбол, қымылды
ойындар және әр түрлі
жаттығулар өткізілетін бөлмені
спорт залы деп атайды.

Баскетбол
шеңбері



Гимнастикалық
шеңберлер



Өрмелеп
шығатын
арқан



Турник



Гимна-
стикалық
төсөніш

Гимна-
стикалық
сыңар-
бөрене

Серпінді
көпір





Гимнастикалық
«козёл»

Гимнастикалық саты



Гимнастикалық
«КОНЬ»



Параллель брусытар



Гимнастикалық орындық

СПОРТ ҚҰРАЛ-САЙМАНДАРЫ

1. Спорт ойындары доптары (футбол, баскетбол).
2. Гимнастикалық таяқшалар.
3. Секіргіш жіп.
4. Пластмасса кегльдер.
5. Үрлемелі доптар (1 кг).
6. Гантельдер.
7. Төсемелер.
8. Гимнастикалық таспа.
9. Бадминтон ракеткалары мен воланы.
10. Теннис добы.



Сұрақтар:

1. Спорт залы деген не?
2. Спорт залында қандай құрал-жабдықтар болады?
3. Үйінде қандай спорт жабдықтары бар?
4. Бұл жабдықтармен қандай жаттығуларды орындауға болады?
5. Тағы қандай жабдықтарды білесің?

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА

Спорттың нәзік түрлерінің бірі – көркем гимнастика. Ол қыздар спорты болып саналады. Қыздар бұл спортпен 4-5 жастан бастап-ақ айналыса алады. Тұрақты шұғылдану нәтижесінде ол қыздар ағзасына өте пайдалы әрі тиімді ықпал көрсетеді. Мәселен, қыздардың бойын-

да нәзіктік, қимыл-қозғалыстардың ширақтығы және тұртұлғаның сымбаттылығы қалыптасады. Сонымен қатар ол табиғи сапаларды: жылдамдық, ептілік, жігерлілік сияқтыларды да тәрбиелейді.

Көркем гимнастика – жоғары дәрежедегі шеберлік пен қимыл-әрекеттер кешені. Көркем гимнастика жаттығулары спорт құралдарымен және құралдарсыз орындалады. Онда мына тәмендегідей құралдар қолданылады:

1 – Шеңбер



2 – Секіргіш жіп



3 – Түйреуіш

4 – Доп

5 – Таспа



СПОРТ ГИМНАСТИКАСЫ





Дене шынықтыру сабағында күнделікті өмірде керек болатын қимыл-қозғалыстарды дұрыс және әдемі орындау ережелері үйретіледі. Сен өуелі спорттың гимнастика, жеңіл атлетика, жүзу, қимылды ойындар және спорт ойындары элементтерімен танысасың.

Гимнастика сымбаты келіскең, күшті және көрікті болуыңа жәрдемдеседі. Мұнда қол-аяқты және бүкіл деңегі дұрыс қозғалтуға, сапта тұруға, жүзу мен жүгіруге, таяқпен секіруге, өрмелеп шығуға, кедергілерден асып өтуге, акробатикаға және тепе-теңдікті сақтауға үйренесің. Түрлі заттармен және заттарсыз жаттығулар орындаисың.

САПҚА ТҮРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САПҚА ТҮРУ ӘДІСТЕРИ

Сен жылдам сапқа тұруды,
қатарласа сап түзеуді, қай-
та сап құруды, аяқ ұшын
дұрыс ұстауды, қимылды бүй-
рық бойынша бастау мен
аяқтауды, қолдарды жанға
қарай созып, бүгуді және рет-
ретімен санауды білуің керек.

Бетті бір жаққа қаратып,
бірінен соң бірі тұрған сап-




ты қатар деп атайды. Қатарда тұрғандардың арасындағы қашықтық аралық (дистанция) деп аталады. Әдетте аралық қол созымдай немесе бір қадамдай болады.


Саптағы әрекет оқытушының: «Адымдап жүр!» деген бұйрығы бойынша сол аяқтан басталады. Екі қатарлы сапқа тұрғанда, екі қатар аралығы бір қадам болуы керек. Оқытушының бұйрығымен «оңға» немесе «солға» бұрылу керек.

Оқушылардың бір-бірімен жанаса, алға қарай қатар түзін сап деп атайды.

СЕКІРГІШ ЖІППЕН ЖАТТЫГУ ЖАСАУ




ЖАЛАУШАЛАРМЕН ЖАТТЫГУЛАР ЖАСАУ



ӨРМЕЛЕП ШЫГУ, АСЫЛЫП ТҮРУ ЖӘНЕ СҮЙЕНУ ӘДІСТЕРІ

- 1. Гимнастикалық сатыға өрмелеп шығу.**
- 2. Арқанмен өрмелеп шығу.**



3. Б.қ. – жүрелей сүйеніп отыру.

4. Аяқтарды артқа қарай секіре созып, жан қапталға ашу. Сосын аяқтарды жұптастырып, бастапқы қалыпқа қайту.

5. Гимнастикалық орындыққа қолдарға сүйене жатып, қолдарды бүгіп-жазу.

6. Аласа турникке асылып тұрып бірнеше рет тартылу.

3




4



5




6



ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жеңіл атлетикамен шұғылданғандар күшті, епті, шапшаң әрі төзімді болады. Әйткені спорттың бұл түрі жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, алыс қашықтықтарға, сонымен қатар ойлы-қырлы жерлерде жүгіру секілді машиқтарды үйретеді.



Сендер жүзуді, спорттық және қимыл-қозғалысты ойындарды ұнатасындар.



ҚОЗҒАЛЫС ТҮРЛЕРІ

Тіршілік пайда болғалы барлық тірі жаратылыс қозғалысқа мүқтаждықты сезінеді.

Құтан, тырна, қаз, бал арасы, кептер, жәндіктер мен құрт-құмырсқалар да қозға-




лады, ұшады. Егер қанаттарын қозғалысқа келтірмесе, олар ұша алмайды. Бақа суда да, құрлықта да жақсы жүре алады. Балық пен жылан суда өте жөңіл қимылдайды, жүзеді.

Көрдіңдер ме, құстар, жануарлар, бауырымен жорғалаушылар, тіпті адам да өзіне сай қимыл-қозғалыста болады.

ҚОЗҒАЛЫС ӘДІСТЕРІ

Адам өр түрлі әдіспен қозғалуы мүмкін: секіру, атташ өту, жүгіру, тепе-тендікті сақтау, еңбектеп асып өту, өрмелеп шығу т.б. Мәселен, дарбаз арқан үстінде тепе-тендігін сақтап жүруді білуі, ал құрылышы салынып жатқан құрылыштағы енсіз тақталардың үстінде шеберлікпен жүруі керек. Бұл




дағдылардың барлығы денені машиқтандырудың арқасында жетіледі. Сен қозғалыс жасағаныңда, дененің түрлі мүшелері: бас, аяқ, қол, кеуде қатысады.

ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ МЕН БАҒЫТЫ

Сенің әр жаққа қарай жасаған қозғалыстарың қозғалыстың бағыты деп аталады.

Жасаған қозғалыстарың баяу немесе шапшаң болуы мүмкін. Мысалы, мектепке барғанда, серуенге шыққанда,



жануарлар бағына барғанда жай жүресің. Автобусқа, достарыңа немесе допқа жетіп алу үшін жүгіресің.

Сенің жай жүруің немесе жылдам жүгіруің қозғалыстың жылдамдығы дәп аталады.

Сұрақтар:

1. Қозғалыс жылдамдығын қалай түсінесің?

2. Қозғалыс бағытын қалай түсінесің?

Тапсырмалар:

1. Суреттердегі балалардың қозғалу өдістерін түсіндір.

2. Суретке қарай отырып, жануарлардың қалай қозғалып бара жатқандығын баяндап бер.

3. Балалардың қайсы қозғалыстары суреттегі жануарлардың қозғалыстарына сәйкес келетінін айт.

4. Суреттегі қозғалыстардың бір-бірінен айырмашылығы неде?

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Қимылды ойындарды жас балалар да, үлкендер де қызығып ойнайды.

Ойындардан біз жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, бөгеттерді, кедергілерді жену сијакты негізгі қимыл түрлерін көреміз. Ойындар көңіл мен ойды жинақтауға үйретеді, жылдамдық, ептілік, күштілік, шыдамдылық қасиеттерін шындаиды. Көпшілікпен ойнлатын ойындар достық, жолдастық сезімдерін тәрбиелейді.


Ашық жерде өткізілетін ойындар денсаулық үшін өте пайдалы. Әрбір ойынның өзіне тән ережелері бар. Мұнда бірі ұтады, екіншісі ұтылады. Сондықтан ойынды бастаудан бұрын төреші сайлап алу қажет.

«ФАРЫШКЕРЛЕР» ОЙНЫ

Алаңың бұрыштары мен жан-жағын қатыстыра отырып 4-5 үлкен үшбұрыш, яғни «Зымырандром» сыйылады. Әрбір зымырандромның алдына оның маршрутын жазып қоюға болады. Мәселен, ЖАЖ (жер-ай-жер), ЖШЖ (жер-шолпанжер) және т.б.

Барлық ойыншылар алаңың ортасына келіп, шеңбер түрінде орналасады. Ойыншылар бір-бірімен қол ұстасып, төмендегідей сөздерді айтып, шеңберді айналып жүре бастайды: «Дыбыстан жылдам үшатын зымырандар өзге ғаламшарларға саяхат жасау үшін бізді күтіп тұр. Бірақ ойынның бір шарты бар: кеш қалғанға орын жоқ».

Бұл сөздерді айтып болысымен-ақ барлық оқушылар




зымырандромға жүгіріп баралды да, зымырандардағы орындарды иелейді. Орын тимей қалған оқушылар қайтып келіп, алаң ортасына жиналады. Содан соң ойын қайта басталады. Ойын тек жетекшінің арнайы белгісімен басталып, жүргізіледі.

«КІМ ЖЫЛДАМ?» ОЙЫНЫ

Балалар 2 немесе 4 командаға бөлініп, арнайы сыйылған сызықтың ортасына

бір-біріне параллель колонна болып тұрады. Сызықтың алдыңғы жағынан 6-8 метрдей жерге, командалардың қарама-қарсысына кегль қойылады. Әрбір командада бірінші болып тұрған ойыншы оқытушының ысқырығы берілген соң, кегльге дейін сыңар аяқпен секіріп барады. Сосын кегльді айналып өтіп, өз колоннасына қарай



жүгіреді де, екінші болып тұрған оқушының алақанына шарт өткізіп бір ұрады. Ал өзі саптың соңына барып тұрады.

Ойын осылай жалғаса береді.

ШАХМАТ САБАҚТАРЫ

Шахмат – ең ежелгі ойындардың бірі. Ол бейне екі жауынгердің шайқас өнеріне ұқсайды. Бірақ бұл ақыл-ой күресіне негізделген өзіне тән өнер түрі болып табылады.

Шахмат тақтасы тендей 64 шақпаққа (торкөзге) бөлінген. Тақтаның бойы мен енін жағалай 8-ден қатар орналасқан. 64 шақпақтың



32-сі ақ, 32-сі қара түске боялған, олар бірінен соң бірі, яғни әрбір қатарға ақ және қара шақпақтар кезектесе орналастырылған. Оларды бөлмелер деп атауға да болады.

Тақтаның жоғарыға (бойына) қарай бірінен соң бірі орналасқан бөлмелер жиындысы жол деп аталады. Шахмат тақтасындағы бұндай жолдар саны сегіз. Тақтаның еніне қарай бірінен соң бірі орналасқан бөлмелер жиындысы қатар деп аталады. Шахмат тақтасындағы қатарлар саны да сегіз.

Тақтаның бірдей түстегі шақпақтарын (бөлмелерін) тұтастыратын жолдар қиғаш жолдар делінеді.

Шахмат тақтасын шартты түрде үш бөлікке бөлуге болады: сол қанат (ферзь қанаты),

орталық және оң қанат (шах қанаты).



Король. Шахмат фигу-
ралары ішіндегі ең басты
және әрқашан қорғауға
мұқтаж фигура болып са-
налады. Корольді қарсы жақ
тұтқынға алса, ойын аяқталған
болып табылады.



Ферзь. Ең күшті әрі
әрекетшіл фигура. Ол
қарсылас фигуralарды
диагональ бағыт бойын-
ша ұзақтан да, жақыннан да,
бетпе-бет те соға алады.



Офицер. Бұл да мық-
ты фигура болып санала-
ды. Ол жай қозғалып, жа-
уынгер пілдерден кейін
іске кіріседі.



Піл. Женіл фигура
болғандықтан, шайқасқа
біріншілер қатарында кі-
реді. Егер піл жаяу фигу-

рамен тіл табысса, олар бірігіп жақсы шайқасады.



Ат. Оның жүрісін өте ғажайып деуге болады. Ол жүрмей-ақ, күтілмеген жерден се-кіріп өте алады. Ақ шақпақта тұрған ат қара шақпаққа қарай яки бұған көрісінше жүреді.



Жаяу. Бұл фигура шағын болғанымен, өте батылдығымен ерек-шеленіп тұрады. Ол әр-қашан алға қарай жүреді. Мақсаты – өз бағытындағы соңғы қатарға жедел жетіп алып, мықты фигураға айналу.

Сұрақтар:

1. Қай ойын саған көбірек үнайды?
2. Шахмат жөнінде нелерді біліп алдың?

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ САПАЛЫЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ




ТҰЛҒАНЫ ЖЕТИЛДІРУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ ЖАТТЫҒУЛАР

Тұзу тұлға – қүштіліктің ғана емес, саламаттықтың да белгісі. Бірақ кейбір балалардың тұлғасы белгілі бір себептерге байланысты дұрыс жетілмestен, олар бұдан өте ыңғайсызданып жүреді.



Өзінің бойына лайық емес биік немесе аласа партада дұрыс отырмау, мектеп сөмкесін ұдайы бір жағымен көтеріп жүру бала тұлғасының



бұзылуына себеп болуы мүмкін.

Дене сымбатының бұзылуы адамның сыртқы көрінісін көріксіз етіп көрсетеді. Сонымен қатар дененің ішкі мүшелеріне де жаман әсерін тигізеді. Сымбаттың бұзылуы байқалса, оны сабақ барысын-

да жүргізілетін гимнастикалық жаттығулармен ұдайы шұғылдану арқылы түзеуге болады.

Ал бұзылған сымбатты ұзақ мерзімді гимнастикалық жаттығуларды орындау арқылы түзеуге болады. Сымбатты мұлде бұзылған адамдар емделу үшін арнайы ауруханаларға жіберіледі.

Сұрақтар:

1. Сымбаттың бұзылуына не себеп болады?
2. Сымбатты қалай қалыптастыруға болады?

Тапсырмалар:


1. Дене шынықтыру оқытушысының көмегімен сымбатты жетілдіретін жаттығуларды таңдап ал.
2. Мына жаттығуларды үйрен және оларды жүйелі түрде орында.

ЖАЛПАҚТАБАНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ТҮЗЕТЕТИН ЖАТТЫҒУЛАР

Жалпақтабандылық – аяқ башпайлары бұлшық еттерінің әлсіздігі. Бұл көбінесе рахитпен ауырған балаларда кездеседі. Жалпақтабандылықты түзету үшін аяқ башпайларының бұлшық еттерін нығайту шарт. Сондықтан күнделікті гимнастикаға міндепті түрде жалпақтабандылықты түзететін жаттығуларды енгізіп, орындау керек.

1. Табан сүйектерін бұгіп-жазу.

2. Аяқ башпайларымен кубиктерді қысып алып, бір жаққа жинау.





3. Аяқтың ұшын көтеріп, туғіру.


4. Аяқтың ұшымен секіру.

5. Аяқтың табанымен допты немесе таяқшаны алға және артқа домалату.

6. Таяқшалармен шаңғыда жүргендей қозғалу.

7. Қиялай қойылған гимнастикалық орындық үстінде аяқ ұшымен жүру.


8. Тас үстінде жүру.




ҚОЛ ЖӘНЕ АЯҚ КУШІН АРТТЫРАТАЫН ЖАТТЫҒУЛАР

1. Гимнастикалық сатысынан бір метрдей қашықтықта тұрып, оған байланған резеңкені оң және сол қолмен көзек-кезек тарту.

2. Б.қ. – аяқтар иық кеңдігінде жұптастырып қойылады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып, оң және сол қолдарды кезектестіре бүгіп-жазу.



3. Б.қ. – қолдарға сүйеніп, жүрелей отыру.



3

4

5

1-сол аяқтың ұшын артқа қойып, қолдарды жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа қайту; 3 – 4-соның өзін екінші аяқпен орындау.

4. Б.қ. – аяқтар иық кеңдігінде, қолдар белге қойылған.

1-жүрелей отырып, қолдарды алға созу; 2-бастапқы қалыпқа қайту; 3 – 4-осыны қайталау.

5. Б.қ. – қолдар иыққа қойылған, аяқтар жұптастырылған.

1-қолдарды жоғары қарай созып, сол аяқты тізеден бұгіп көтеру; 2-бастапқы қалыпқа қайту; 3 – 4-осының өзін екінші аяқпен орындау.


6. Б. қ. – секіргіш жіп төменде, аяқтар жұптастырылған.

Секіргіш жіппен секіру.

7. «Әтештер шайқасы» ойыны.

8. Б. қ. – бір-біріне қарсы қарап отыру, қолдар иыққа қойылған.

Жүрелей отырған күйде алға, артқа және қос қапталға қарай секіре қозғалу.



6



7



8

ҚАРЫН БҰЛШЫҚ ЕТТЕРІН ДАМЫТАТЫН ЖАТТЫҒУЛАР

1. Б.қ. – қолдарды артқа тіреп отыру.


Созылған аяқтарды көтеріп-түсіру, белді тік ұстап, еркін тыныстау.

2. Б.қ. – шалқалап жатқан күйде аяқты велосипед тепкендергідей етіп айналдыру.


3. Б.қ. – қолдарды артқа тіреп отыру. Созылған аяқ-



1




2




тарды көтеріп, екі жанға айқара ашып, бастапқы қалыпқа қайту. Еркін тыныс алу.

4. Б.қ. – шалқалап жатып, қолдарды дене бойымен созу. Екі аяқпен шеңбер сызу (солға, жоғарыға, онға, төменге, жоғары-төмен).



5. Шалқалап жату, отыру және қайтадан шалқаю.

6. Б.қ. – етпеттей жатып, қолды аяқ үшына қарай бағыттау. Басты көтеріп, қолдарды жанға қарай кере ашып, «қарлығаш» жасау.



6





7

7. Гимнастикалық сатыдан бір адым әріде тұрып, қолдарды артқа созып, гимнастикалық сатының баспалдақтарынан ұстап, жайлап артқа иілу.

ТӨЗІМДІЛІК ПЕН ШАПШАНДЫҚТЫ ШЫҢДАЙТЫН ЖАТТЫҒУЛАР

Төзімділік – ағзаның қи-
мыл-қозғалыстан шаршауына
төтеп бере алу қабілеті. Ұзак
уақыт бойы жүру, жүгіру, жүзу,
мүмкіндігі барынша көбірек
жүрелеп отыру, қолмен тар-
тылу, тас көтеру, тынымсыз
қозғалыста болу осындай
қабілетке жатады.





- 1. Жүгіру.**
- 2. Жүрелеп отыру.**
- 3. Жүзу.**
- 4. Гантель көтеру (500 г).**
- 5. Турникке тартылу.**
- 6. Бір аяқпен отырып-тұру.**
- 7. Аяқтарды алшақтатып немесе жұптастырып секіру.**
- 8. Секіргіш жіппен секіру.**



МАЗМУНЫ

Дене тәрбиесі нені үйретеді?	3
Күн тәртібі	4
Оқушының күн тәртібін қалай жасау керек?	7
Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығулары кешені	12
Таңертеңгі жуынып-тарану	12
Тамақтану	12
Оқу барысындағы сергу әдістері	13
Үйде сабак дайындау және таза ауда серуендеу	14
Жеке гигиена	15
Бет, көз, қол және тіс күтімі	16
Тазалық – денсаулық кепілі	19
Ұқыпты бол. С.Нәлібаев	20
Шынығу	21
Спорт залы	23
Спорт жабдықтары	26
Көркем гимнастика	27
Спорт гимнастикасы	29
Сапқа тұру және қайта сапқа тұру әдістері	30
Әрмелеп шығу, асылып тұру және сүйену әдістері	30
Қозғалыс түрлері	36
Қозғалыс әдістері	38
Қимылды ойындар	41
«Ғарышкерлер» ойыны	42
«Кім жылдам?» ойыны	43
Шахмат сабактары	45

Дене шынықтыру сапалылығын тәрбиелеу және бақылау	47
Тұлғаны жетілдіру және оған қатысты жаттығулар	50
Жалпақтабандылық және оны түзететін жаттығулар	53
Қол және аяқ күшін арттыратын жаттығулар	55
Қарын бұлшық еттерін дамытатын жаттығулар	57
Төзімділік пен шапшаңдықты шындаитын жаттығулар	61

O'quv nashri

Karimjon Mahkamjonov, Faxriddin Xo'jayev

JISMONIY TARBIYA

*Ta'lim qozoq tilida olib boriladigan
umumiy o'rta ta'lim maktabalarining 1-sinf
o'quvchilari uchun o'quv qo'llanma*

Аударған А. Ташметов

Редакторы Г. Нишанова

Көркемдеуші редакторы Х. Мехмонов

Техникалық редакторы Т. Харитонова

Кіші редакторы Г. Ералиева

Корректоры Қ. Рахманова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АI № 158. 14.08.2009.

Басуға 2018 жылы 26 апрайлде рұқсат етілді. Пішімі 60x90¹/16.

Офсеттік қағаз. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 18, 16.

Офсеттік әдіспен басылды. Баспа табағы 4,0. Шартты баспа

табағы 4,56. Таралымы 6230. Тапсырыс № 18-161.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің

«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науай көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz